

Еще одной веской причиной для продвижения бизнеса именно в этой социальной сети является тот факт, что с середины 2016 года Facebook и Instagram объединены, то есть на данный момент существует возможность создания бизнес-аккаунта в Instagram.

Таким образом, можно сделать вывод, что роль социальных сетей в маркетинге на данный момент очень высока. Социальные сети позволяют бренду быть доступным для тех, кто интересуется продуктом, а также привлекать тех, кто еще не знает о продукте. Социальные сети – это инструмент, внутри которого можно создать личность за брендом и сформировать такие отношения с клиентом, которые невозможно создать, используя другие инструменты маркетинга.

Социальные сети настолько разнообразны, что их можно использовать любым способом, который наилучшим образом отвечает интересам и потребностям бизнеса. Для наиболее эффективного продвижения бренда в Казахстане рекомендуется использовать социальную сеть Instagram.

Литература:

1. DIGITAL IN 2018: WORLD'S INTERNET USERS PASS THE 4 BILLION MARK [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: <https://wearesocial.com/blog/2018/01/global-digital-report-2018>(датаобращения: 29.01.2020).

2. DIGITAL 2019: GLOBAL INTERNET USE ACCELERATES [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: <https://wearesocial.com/blog/2019/01/digital-2019-global-internet-use-accelerates>(датаобращения: 29.01.2020).

3. DIGITAL 2020: 3.8 BILLION PEOPLE USE SOCIAL MEDIA [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: <https://wearesocial.com/blog/2020/01/digital-2020-3-8-billion-people-use-social-media> (датаобращения: 30.01.2020).

4. Most popular social networks worldwide as of October 2019, ranked by number of active users [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: <https://www.statista.com/statistics/272014/global-social-networks-ranked-by-number-of-users/> (датаобращения: 25.01.2020).

**Тилеубаева А.М.,** Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, басқару, экономика және кәсіпкерлік факультеті, ЭКО-19-1к топ студенті  
(Ғылыми жетекші - х.ғ.к., доцент Оспанова Г.К.)

## **ЖАҒАНДЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗЕКТІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРДЫҢ ТУЫНДАУЫ**

Экологиялық проблемалар табиғи ортаның құрылымы мен дұрыс жұмыс істемеуінен пайда болған мәселелер. Ол антропогендік факторлар арқылы да, табиғи апаттардың әсерінен де пайда болуы мүмкін.

Біз техникалық прогресс кезеңінде өмір сүріп жатырмыз. Бұл жаңа және пайдалы техникалар өмірді әлдеқайда жеңілдетеді, бірақ бұл прогресс салдары бүкіл әлемнің экологиялық жағдайына тікелей әсерін тигізеді. Ғылыми-техникалық прогресс экологиялық апаттың туындау қаупін туғызды. Адамзаттың табиғатқа деген тұтынушылық көзқарасы оны күннен күнге нашарлатып келеді. Өндіріс пен тұтынудың дамып, қоршаған ортаның бүлінуіне, сапасының төмендеуіне алып келді, ал бұл өз кезегінде адамдардың өміріне қауіп төндіріп тұр [1, с.12-13].

БҰҰ-ның Экологиялық проблемалар жөніндегі комиссиясының (ЮНЕП) есебінде айтылғандай, адамзаттың 2032 жылға дейінгі даму болжамдары көңіл көншітпейді. Атап айтсақ, планетада антропогендік факторлар әсерінен қайтымсыз өзгерістер болады. Мысалы, жер бетінің 70% -тен астамы белгілі бір жолмен деформацияға ұшырайды, жануарлар мен өсімдіктер әлемінің барлық түрлерінің 1/4-тен астамы қалпына келтірілмейді, таза ауа, таза ауыз су, бұзылмаған ландшафттар тапшылыққа айналады, табиғаттың антропогендік әсерден қалпына келу мүмкіндігі төмендейді [2, с.111-114].

Бүгінгі таңдағы маңызды экологиялық проблемалар ол-ауаның орташа температурасының өсуі, аяздардың болмауы, сондай-ақ климаттың тұрақсыздануы әртүрлі басқа да көріністерден байқалады. Жылдан жылға ғаламдық жылыну проблемасы жоғарылап келеді. Адамның қоршаған ортаға әсерінің масштабына байланысты экологиялық проблемалар ғаламдық және жергілікті болып бөлінеді. Жаһандық экологиялық проблемалар жергілікті экологиялық проблемалармен тікелей байланысты.



**1-сурет. Жаһандық және жергілікті экологиялық проблемалар**

Жаһандық экологиялық проблемалар елдегі экономикалық жағдаймен тығыз байланысты, ең басты көрсеткіштері ол адам басына шаққандағы ЖІӨ-мен, энергияның қолданылуы.

Жаһандық экологиялық проблемалармен энергетикалық проблемалардың байланысын мына екі көрсеткіш айқын көрсетеді:

1. Энергияның аздаған бөлігін алу үшін көптеген ресурстардың қажеттілігі;
2. Парникті газдарды шығару арқылы қоршаған ортаға әсері.

Көмір станцияларынан атмосфераға шығатын қалдықтар қышқылды жаңбырларды тудырды, ол өсімдіктерді жойып, топырақ пен суды бүлдіріп, адам денсаулығына кері әсерін тигізеді.

Көмірді жаққандағы шығатын зиянды заттар мен оның экологияға кері әсері келесі 1-ші кестеде көрсетілген:

**1 кесте**

**Көмірді жаққандағы зиянды заттардың қоршаған ортаға әсері**

Зиянды заттар	Экологияға әсері
SO <sub>2</sub> (күкірт диоксиді)	Қышқылды жаңбырлардың пайда болуына әсерін тигізеді, және тыныс алу жолдарының, жүрек қан тамырларының ауруларын туындатады.
NO <sub>x</sub> (азот оксиді)	Тұмшаның (смог) пайда болуына ықпал етеді, тыныс алу жолдарының ауруларын туындатады.
Қатты бөлшектер	Тұмшаның (смог), мұнардың (дымка) пайда болуына ықпал етеді, тыныс алу жолдарының және өкпе ауруларын туғызады.
CO <sub>2</sub> (көмірқышқыл газы)	Парниктік газ: инфрақызыл сәулені сіңіреді, атмосферада жылу бөлігінің жиналуы байқалады, бұл температураның жоғарылауына әкеледі.
Сынап және ауыр металдар	Адамдар мен жануарлардың дамуын тежеп, әртүрлі неврологиялық аурулар туғызады. Суға түскенде метилсынап пайда болады, ол өте улы химикат, ол балық, жануарлар және адам организмінде жиналады.
Күл мен күлқож	Көму орындарынан жер асты суларына ағып кетуі өткір экологиялық проблемаларға айналды.

Энергия көзінің ең таза түрі-табиғи газ, мысалға алсақ, сланц газы. Сланц газын өндірудегі негізгі 5 негізгі экологиялық проблемалар туындайды:

1. Судың өте улы заттармен және жер үсті суларының сарқынды сулармен ластануы;
2. Атмосфераға метан шығарылуы;
3. Тау-кен орындарында радиоактивті фонның жоғарылауы;
4. Жер сілкіну ықтималдығының жоғарылауы;
5. Көп мөлшерде жер және су ресурстарының айналымнан шығаруы.

Мұнайды өндіру және энергия көзі ретінде пайдалану кезінде туындайтын негізгі экологиялық мәселелер мыналармен байланысты [3]:

1. Өндіріс кезінде жер асты суларының химиялық ластануы, жер үсті суларының химиялық және термиялық ластануы, майлы қабықтың пайда болуы;
2. Фаунаның тіршілік ету ортасының бұзылуы және флораның өсуі;
3. Ластану және жердің тозуы;
4. Судың көп мөлшерде қолданылуы.

Жанартылатын энергияның барлық түрлерінің ішінен қазіргі уақытта тек гидроэнергетика ғаламдық электр энергиясын өндіруге айтарлықтай үлес қосуда (17%). Гидроэнергетиканың негізгі экологиялық салдары:

1. Ауыл шаруашылығы жерлерін және елді мекендерді су басу;
  2. Флора мен фаунаның өмір сүру жағдайларының өзгеруіне әкелетін су балансының бұзылуы;
  3. Климаттық салдарлар (жылу балансының өзгеруі, жауын-шашынның көбеюі, желдің жылдамдығы, бұлт жамылғысы және т.б.);
  4. Суқоймалардың батпақтануы және жағалау эрозиясы, ағынды сулардың өзін-өзі тазаруының нашарлауы және оттегінің азаюы, балықтардың еркін қозғалуының қиындауы;
  5. Гидроэнергетикалық нысандар үлкен апаттарға ұшырау қаупін төндіруі мүмкін.
- Күн электр станциялары тек жоғары деңгейдегі оқшауланған аймақтар үшін тиімді. Күн электр станциясын пайдалану кезінде бірқатар экологиялық проблемалар туындайды [4, с.253-261]:

1. Үлкен жер учаскелерін иеліктен шығуы, және олардың тозуы;
2. Үлкен материалдық шығындар (уақыт пен адами ресурстар 500 есе көп қолданылады);
3. Құрамында хлораттар мен нитриттер бар сұйықтықтардың ағуы;
4. Жүйенің қызып кетуі және өртенуі, күн жүйелерін ауыл шаруашылығында пайдалану кезінде улы заттармен ластануы;
5. Станцияның ауданындағы жылу балансының, ылғалдылықтың, желдің бағыты өзгеруі;
6. Ірі организмдер мен адамдар үшін қауіпті, микротолқынды сәулелену түрінде Жерге энергияның берілуі.

Жел энергетикасы қоршаған ортаға кері әсерін тигізеді [5]:

1. Ірі жер учаскелерін иеліктен шығару;
2. Жел энергиясы реттелмейтін энергия көзі болып табылады;
3. Шу әсері;
4. Әуе қозғалысына, радио және теледидарлық эфирге кедергілер, құстардың қоныс аудару маршрутын бұзу;
5. Ауа ағындарының табиғи айналымының бұзылуына байланысты жергілікті климаттық өзгерістер;
6. Қоныс аударатын құстар мен жәндіктерге қауіптілік
7. Теңіз жануарларына жағымсыз әсерлер (жел турбиналарын суда орналастырған кезде).

Жергілікті экологиялық проблемалар зауыттар, фабрикалар және басқа да өндірістік нысандар атмосфераға үнемі зиянды заттар шығуының әсерінен пайда болады. Өндірістен шыққан қалдықтарды суға және жерге тастап, оларды ластайды. Техникалық прогресс алға жылжыған сайын экологиялық проблемалар туындап, қоршаған ортаны қорғауда қиындықтар туады.

Ең басты проблемалардың бірі ол атмосфераның, яғни, ауаның ластануы. Күн сайын атмосфераға ондаған мың тонна зиянды және улы заттар шығарылады. Көптеген өндірістер, мысалы, мұнай газ, металлургия, тамақ және басқа да өнеркәсіп түрлері атмосфераға көп мөлшерде көмір қышқыл газын шығарады. Осы себептен планета үнемі қызып отырады. Температура айырмашылығы шамалы болғанымен, ғаламдық ауқымда бұл айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Бұған қоса, ауаның ластануы технологиялық прогресстің келуімен өзгерген ауа-райы арқылы да көрінеді. Күкірт оксидтерінің ауаға енуіне байланысты пайда болған қышқыл жаңбырлар қазір өте кең таралған. Бұл жаңбыр көптеген заттарға теріс әсер етеді және ағаштарға, өсімдіктерге, литосфера мен жердің жоғарғы бөлігіне зиян келтіреді.

Тағы бір негізгі проблема ол судың ластануы. Бұл проблема әсіресе Африка мен Азия елдерінде кеңінен таралған. Ол елдерде ауыз су тапшы, өйткені барлық суқоймалары өте қатты ластанған. Бұл суды ауыз су ретінде пайдалану туралы мүлде сөз қозғамай-ақ қойсада болады, себебі ол суды тіпті кір жууға да пайдалануға болмайды. Бұл тағы да кәсіпорындардың ағынды

суларға қалдықтарын төгуіне байланысты. ДДСҰ мәліметтері бойынша, бүгінде әлемдегі барлық аурулардың 80% -і сапасыз ауыз суды тұтынудан туындайды және МАГАТЭ-нің бағалауы бойынша жыл сайын ластанған және сапасыз суды тұтынумен байланысты аурулардан 5 миллион адам қайтыс болады.

Жердің ластануында басты экологиялық проблемалардың біріне жатқызса болады. Қалдықтарды шығару үшін кәсіпорындар оларды жерге көміп тастау әдісін пайдаланады. Бұл әдіс топыраққа кері әсерін тигізетіні сөзсіз, бұл тек қана қалдықтарды тастаған жер аймағында емес, сонымен қатар оның айналасына да зияны көп. Кейіннен бұл топырақта көкөністер мен жемістерді өсіру өте қауіпті болады, себебі ол топырақ сапасыз әрі радиоактивті болуы мүмкін, бұл өз кезегінде тіпті өлім әкелетін аурулар туғызуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кочуров Б. И. Экодиагностика и сбалансированное развитие.-М.- Смоленск: Маджента,2003. - 384 с.
2. Родионов В. Г. Энергетика: проблемы настоящего и будущего. М.: ЭНАС, 2010.-352с.
3. BP Statistical Review of World Energy June 2012. N. p.:Pureprint Group Limited, 2012.
4. Grachev V. A., Lobkovsky V. A. Possible Environmental Impacts of Shale Gas Production in Europe Based on the International Practices of Fracking Technology Utilization // Biosciences Biotechnology Research Asia. 2015. Vol. 12. No. 1. Pp. 253-261.
5. International Energy Agency. Energy Technology Perspectives. Paris: OECD/IEA, 2018.

**Утемисова А.К., Иманбекова Н.Т.,** академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, заң факультеті, ю-31 топ, студент.

*(Ғылыми жетекші - аға оқытушысы, з.ғ.м. Тоқатов Р.А.)*

## **ОТАНДЫҚ ПЕРИНАТАЛДЫҚ ОРТАЛЫҚТАРЫМЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРДІ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ**

Денсаулық сақтау саласындағы басым ұлттық жобаның маңызды міндеттері – бұл бастапқы, сондай-ақ жоғары технологиялық медициналық көмектің, оның ішінде жүктілік пен босану кезінде қол жетімділігі мен сапасын арттыру; ана, перинаталдық сырқаттанушылық пен өлім-жітімнің алдын алу және төмендету.[1]Соңғы жылдары акушерлік-гинекологиялық көмекті дамыту және жетілдіру, практикалық денсаулық сақтауға қазіргі заманғы медициналық технологияларды енгізу Қазақстан Республикасында да, сондай-ақ өңірлерде де ана мен перинаталдық өлім-жітімнің серпініне әсер етті. Оның ең басты себептерінің бірі қазіргі таңда жұмыс жасап жатқан перинаталды орталықтардың өздерінің жауапкершіліктерін сезінбеуінде. Оған дәлел ретінде соңғы 3 жыл ішінде орын алған оқиғаларды айта кетейік:

Астана қаласында акушер-гинеколог Владимир Калашников пен анестезиолог-реаниматолог Григорий Азаров адам өліміне әкеп соқтырған кәсіби міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін кінәлі деп танылып, екі жылға медициналық қызмет ету құқығынан айырылып, түзеу колониясында бір жылға сотталды.[2]

Сот анықтағандай, қайтыс болған науқас жүктіліктің 39-шы аптасында №2 перинаталды орталыққа жүгінді, жүктілігі қалыпты анемияға қарсы асқынусыз өтіп жатты. Сот 4 қарашада шамамен сағат 21.20-да Кадырқызы кесарь операциясынан кейін интенсивті терапия және реанимация бөлімінде бақылауға алынғанын анықтады. Нұсқауларға сәйкес Азаров пен Калашников пациенттің жағдайын бақылауы керек болған. Созылмалы анемия мен босанғаннан кейінгі кезеңде қан кету қаупі жоғары болғандықтан, жағдайы нашар болған.

Науқаста ауыр анемиялық синдром белгілері байқалмағандықтан, пациентке қан құю сол кезде көзделмеген. Алайда Азаров трансфузия жасап, бұл қан қысымының төмендеуіне, тахикардияға (жедел жүрек соғысы), тыныс алудың қысқаруына әкелді. Сот үкімінде негізсіз қан құю қыздың жағдайын нашарлатып, жедел гемолизге (гемоглобинді қоршаған ортаға шығарумен бірге эритроциттердің жойылуы) әкеп соқтырғаны айтылған. Сот әйелді босану кезінде қан құю туралы заңсыз шешім Калашников кезекші дәрігерінің тікелей қатысуымен қабылданды деп тапты.

Сондай-ақ, сот пациенттің реанимация бөлімінде сағат 21.20-да келгеннен кейін, Калашниковтың пациентке сағат 23.00-де бір ақ рет барғанын анықтады. Сот Калашниковтың